

МЕНТАЛИТЕТ – ЕЛДІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ САПАЛЫ ӨЛШЕМІ ЖӘНЕ ӨРЕСІ

Жоспар:

1. «Діл» ұғымының мәні.
2. Қазақ халқының ділі және оның қалыптасуына әсер ететін факторлар.
3. Қазақтың менталитетіндегі «Ел» термині.
4. Елтану қазақ халқының ментальдылығын дамыту жүйесі ретінде.
5. Қазақ халқының, Қазақстан халқының ментальдылығын дамытудың заманауи аспектілері.

Көптеген гуманитарлық ғылымдар соңғы жылдары қазіргі әлемнің объективті себептермен өзгеруін қамтамасыз етумен «менталитет» ұғымын өздерінің ғылыми айналымына енгізді.

Адам өмірінің барлық саласындағы жаһандық өзгерістер, мемлекетаралық және тұлғааралық қатынастардың шиеленісуі адамдар арасындағы келісімнің жолдары туралы ойластыруға мәжбүрлейді. Бұл ең алдымен тұлға рөлінің, оның жеке ерекшеліктерінің және өзара түсіністік, сыйластық негізінде практикалық қарым-қатынастарының алмасуының, жеке және жалпы қызығушылықтарының мәнін жаңаша түсінуге қатысты.

Осының барлығы тұлғаға белгілі бір талаптар қояды. Бұл жағдайда егер, балалық шақтан жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық ділге сүйене отырып сипатын анықтауға болатын, әрбір адамда қалыптасатын белгілі бір адамгершілік құндылықтарды меңгерген болса, онда аса тиімді өзара түсініктікке қол жеткізуге болады. Әлемде алдаудың, ұрлықтың, терроризмнің және т.б. бағасын ресми мәлімдейтін халықтың жоқ екенін түсінеміз. Ұлттық діл адамзаттың даму тарихында маңызы мен тиімділігі сыннан өткен жоғары адамгершіліктік жалпыадамзаттық құндылықтармен, мақсаттармен қалыптасқан.

С. И. Ожегов пен Н. Ю. Шведованың орыс тілі сөздігінде, менталитет «кітаптық» ұғым ретінде бағаланады және «алдымен дәстүрмен, көңіл-күймен, сезіммен тығыз байланысты, эмоционалды және құндылық бағдар, бейне көмегімен әлемді саналы түсіну», - деп анықталады. «Webster» сөздігі «mentality - mental capacity - менталитетті ақыл-ой қабілеті», немесе «mental power» – ақыл-ой күші, қуаты, «mental outlook» - ақылды көзқарас, ақылдың болашағы, сонымен бірге дүниетаным ретінде түсіндіреді. Осы ұғымның мағынасы «state of mind» - сананың күйі деп келтіріледі

Біз қарастырып отырған тақырып контекстінде «менталитет» – белгілі бір дәуірдегі, географиялық аймақтағы және әлеуметтік ортадағы адамдардың түсініктерінің, көзқарастарының, сезімдерінің жиынтығы, қоғамның тарихи және әлеуметтік үдерістерге ықпал ететін ерекше психологиялық құрылымы», - деген философиялық әдебиетте берілген анықтама аса маңызды болып табылады.

-Діл «адамның санасында стратегиялық өмірлік мақсаттар мен жалпы дүниетанымдық бағдар ретінде мойындалған құндылықтардың бейнеленуі» деп есептелетін құндылық бағдардың негізі болып табылады;

- «құндылық бағдар» ұғымы соғыстан кейінгі әлеуметтік психологияда философиялық ұғым құндылыққа ұқсас ұғым (аналогы) ретінде енгізілген;

- құндылық бағдар этикалық, саяси, эстетикалық, діни және т.б. болады, олар тұлғаның іс-әрекет үрдісінде өлшем рөлін атқарады;

- менталитет адамның мінез-құлқын анықтайды және олардың қай мәдениетке жататындығына байланысты;

- менталитет ұжымдық немесе тұлғалық сананы бейнелей отырып, санасыздық сипатқа ие және өзіне ұлттық-аймақтық, жалпыадамзаттық құндылықтарды жинақтайды.

Ұлттық менталитет – халықтың рухани, экономикалық, этникалық және тарихи дамуының күрделілігін, мазмұнын, белгілері мен сипаттамаларының жиынтығы. Кез келген ұлттың менталитеті оның ұлттық ұқсастығын, сол халықты құрайтын, сол этникалық қауымдастыққа жататын барлық адамның тиістілігін мойындауды жарқын бейнелеу болып табылады. Менталитет бойынша адамды қандайда бір халыққа жататынын тану қажет».

Этнос менталитеті (ділі) этнос (халық, тайпа, ұлыс, ұлт), мәдениет, дін, ғылым, өнер сияқты құрауыштардың күрделі үйлесуінен туындайды, яғни қашанда күрделі интегративті және біртұтас сипатқа ие. Бұл құрауыштардың жинағы индивидтің жете ұғынуынсыз соқыр сезім деңгейінде іске асырылады. Осының салдарынан индивидтің өмірі мен іс-әрекетінің маңызды және жалпы сәттеріне тиісті жалпы ұстанымдар жиынтығы пайда болады.

Менталитет (діл) мәселесіне байланысты ментальдық, этникалық ментальдық және ментальдық мінез-құлық, ұлттық құндылықтар, мәдени құндылықтар феномендерінде қарастыруға болады.

Ментальдық ұжымдық-тұлғалық білім ретінде тұрақты рухани құндылықтар, терең аксиологиялық (құндылықтар) ұстанымдар, дағдылар; өмір сүру бейнесінің, мінез - құлқының және сол немесе басқа ақиқат құбылысты саналы қабылдаудың негізі болып табылатын белгілі бір кеңістіктік-уақыттық шекарамен қарастырылатын дағдылы әрекеттер, жасырын, беймәлім (латентті) дағдылар, ұзақ мерзімді стереотиптер [3].

Этникалық ментальдық халықтың өміріндегі рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени өлшемдерінің бағыттылығы мен қарқынын анықтайтын адамның өмірлік мінез-құлқының, рухани білімінің векторы ретінде қатысады.

Тұлғаның ментальдық мінез-құлқы іс-қылықтың тиімділігін көрсетеді, яғни объективті жағдайларға сай өзінің өмірін салыстыруға және жоспарлауға икемділігі; норматив пен құндылықты ранжирлеуі; іштей өзін-өзі бақылау, рухани дүниесін реттеу қабілеті т.б.

Ұлттық құндылықтар – бұл сол немесе басқа этникалық қауымдастық өкілдерінің тарихи өзіндік ерекшелігінде бейнеленетін рухани идеалдарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этникалық адамдар мінез-құлқының әлеуметтік және нормативті мәдени айқындық (аксиома) рөлі ретінде қатысады.

Ұлт және жеке тұлғаға қатысты айтатын болсақ, менталитет (діл) бастапқыда қарапайым-эмоционалды тип сипатына, ол экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен көпқырлы дүниетанымдық сипатқа ие болды.

Ұлттық менталитет рухани және материалдық құндылықтарды тарихи таңдау нәтижесінде тұлғада қоршаған әлемге қатынастар жүйесінен көрінеді.

Ұлттық ділдің қалыптасу үдерісі географиялық, мәдени, экономикалық, қоғамдық-саяси факторларға байланысты. Кез келген халықтың, соның ішінде, қазақтың ділінің қалыптасуында халық (Ел) мекендеген географиялық, табиғи орта ерекше маңызға ие болған. Қазақтың кең даласы дала адамының жан дүниесін, оның өмір сүру салтын қалыптастырды. Этнографтар айтқандай, дала қазақ үй сияқты жайды, үйді тудырды. Табиғат шаруашылық түрін, экономикалық құрылысты айқындады. Көшпелі өмір тұрмысы жағдайында алғашқы көмекші ретінде жылқы өте бағалы болды. Ол қазақ даласында таралған ұлттық ойындардың сипатын да анықтады. Жылқы киесі бар жануар, асыл түлік саналады. Ата-бабаларымыз «Өсер жасқа жылқы мінезділік жарасады» дегенді тегін айтпаған. Қазақ баласы ат үстінде өскен азамат.

Көшпелі өмір тұрмысы экономикалық қатынастар сипатын және адамгершілік ұстанымын анықтады. Мысалы, қазақтар ешқашан діни тақуа (фанат) болмады. Ұрпақтан ұрпаққа өзінің діни көзқарастарын сақтай отырып берді, олар өзге дінді құрметтеді, басқа нәсілге, дінге және ұлт адамдарына толерантты болды. Мәдени фактор қазақтың ұлттық ділін қалыптастыруға халықтық, этникалық мәдениеттің ықпалын айқындауға мүмкіндік береді.

«Көшпенділер өмірі белгілері интеллект, даналық және демократиялық болып табылатын ерекше ділді қалыптастырды. Көшпенділерге уақыттық түсініктер өзгешілігі тән екендігі кездейсоқ емес. Уақыт отырықшы халықтағы сияқты өткеннен және болашаққа ағымды векторлы емес, цикл бойынша шеңбермен айналады. Әлем – дөңгелек деген түсінік көшпенділердің өмір сүру салтынан, маусымдық көшу мен жаз, күз, қыс, көктемнің шеңбер бойымен қозғалатынын көрсетеді, дала адамы физикалық уақытты пайымдаған. Тілде уақытты сызықтық емес көненің көзі (реликт) ретінде қабылдау сақталған: «жасы үш мүшел», онда адамның жасы туралы сөз болып тұр. Мүшел жас - қазақ халқының адам жасын есептеу үлгісі. Мүшел – 12 жылға тең календарлық кезең» .

Көшпенділер мен диқаншылар жерді әртүрлі пайдаланды, оған әртүрлі әсер етті. Далада өмір сүру салты басқаша, отырықшы халықтан айырмашылығы бар. Өмір сүру салты оны қоршаған дүниеге, бүкіл әлемге, оның құрылымы мен мәніне көзқарастар жүйесінің қисындылығын анықтайды. Көшпенділер қоршаған дүниені үшке бөлді – Жоғарғы (Тәңірі), Орта (Темекей) және Төменгі (Тенгиз).

Қазақстандық қауымдастықты дәстүрлі деп атауға болады. Қазақтар дәстүрге, дінге, сенімге, салт-санаға, қоршаған табиғатқа ұқыптылықпен қарайды.

Жоғарыда айтылғандай, «этностың менталитеті - халықтың рухани, экономикалық, этникалық және тарихи дамуының күрделілігін, мазмұнын, белгілері мен сипаттамаларының жиынтығы. Кез келген ұлттың менталитеті оның ұлттық ұқсастығын, сол халықты құрайтын, сол этникалық қауымдастыққа жататын барлық адамның тиістілігін мойындауды жарқын бейнелеу болып табылады. Менталитет бойынша адамды қандайда бір халыққа жататынын тану қажет».

Ашықтық, достық, қонақжайлылық, кексіздік және т.б. қазақ ұлтының ментальдық қасиеттері болып табылады. Мұнда Данилевич Ю.И. материалдары қызығушылық тудырады. Сонымен қатар ол қазақтарда ұзақ және өзіндік этногенез барысында төмендегі ұлттық психологиясы ерекшеліктерінің қалыптасқанын белгілейді:

а) тарихи, әлеуметтік-саяси және экономикалық дамудың ықпалынан қойылған мақсатқа жетудегі қайраттылық, шыдамдылық, қайсарлық, үлкен қиындықтарды көтеруге қабілеттілік; тіршілік әрекетінің үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына тез бейімделуге икемділік, басқа халықтың сіңісіп кетуіне қабілеттілік, бірегей тиістілік сезімі, конформизм, топшілік ауызбірлік, дау-жанжалға жағымсыз қатынас, оны «үшінші судьяның» көмегімен шешуге қабілеттілік;

ә) мәдени дамудың өзіндік әсерінен – қонақжайлылық, көпшілдік, сөзге беріктік пен сенімділік; үлкендер мен кішілерге сыйласымдылық қатынас, басқа адамның беделін түсірмеуге талпыныс, айналадағыларға таңдаулы қатынас (оның әлеуметтік мәртебесі мен рулық тиістілігіне қарай);

б) өзіндік діни дамуының әсерінен – адалдық, риясыздық; бейнетке табандылық, көнбістік пен талғамсыздық; инабаттылық, жұмсақтық, жақын адамның қайғысына ортақтасу, дау-жанжалға қатынасқа қарама-қарсылық, мұсылман емес дін өкілдеріне таңдаулы қатынас.

«Ел» термині көне дәуірдің тұрмыс-салтында әрқалай қолданыс тапқан. Ел – адамның атамекенінде жетілуі, атажұртта әлеуметтену жолдары. Елді табиғаттан және туған, өсіп-өнген ортадан ажырата алмаймыз. Осы қос бағыттағы қауымдастықтардың есеюі, өсіп өнуі - ел болудың алғышарттары.

Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде ел атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды отбасы, ру-тайпа, мемлекеттік бірлестік) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды.

Қазақ әдеби сөздігінде (5- том, Алматы, 2011, 205-206 бб.) ел туралы мынандай түсініктемелер берілген: 1. Халық, жұрт, қауым 2. Басқа адамдар, көпшілік; 3.Өскен орта, туған жер, ауыл-аймақ, ел-жұрт; 4. Шыққан тегі, негізі, заты, руы; 5. Отан, мемлекет; 6. Дос-бауыр, жақтас, ұрандас, жау емес. Қысқасы, ел-жұрты бір, рулас, жерлес, отандас және олардың жарасуы, табысуы, татуласуы, бітісуі, келісуі елдестікті құрды, елдік жасады, ел бірлігін сақтады. Әр заманда халық елді - жұрт, қауым, халық; туған жер, өскен орта; шыққан тегі, руы, негізі, заты; отан, туып-өскен жер; туыстары мен дос-жарандар, ірі тайпалық бірлестіктер мағынасында қолданған

Көп мағыналы сөздің қолданысы да қилы-қилы: а) байтақ ел, бір тайпа ел, дүйім ел, жайпақ ел, көшпелі ел, күншығыс елі, кісі елі, егіз ел, дамыған ел, егемен ел, тәуелсіз ел; ә) егінші ел, малшы ел, тұрақты ел; б) аңқау ел, артта қалған ел, бейбақ ел; в) ел белгісі, ел іші, ел арасы, ел жақтаған, ел еңсесін көтеру, ел көшті, ел қарату, ел тарту, ел(жұрт) тану, ел ырысы, ел намысы; г) ел бағу, ел қамқоры, ел қорғау, ел еркесі, ел ағасы, ел-ана, ел билеуші, ел басқару, Елбасы; д) ел алдында, ел біткен, еларалық, ел аузынан, ел әдебиеті; е) елге жанасты, елден шықты, елден асқан, елден ерек, елге танылды, елден безген, елден ала-бөтен, елге сыймады; елдің мінезі, елдің қуаты, елдің салты, елдің алдына түсті, елдің есінде қалды, елдің тұтқасы мен іргесін ұстау, елдің жоқтаушысы. Ел – серіктестік және тұлғалық құндылықтарымен, адамгершіл ізгілігімен мәңгі.

Көне дәуірде ел объект ретінде қарастырылды және мұндай пайымдаушылық мамыра жай күйде әлемдік бағыт-бағдарға айналды. Ел туралы, елдегі этностық белгілер, нәсілдік-генетикалық, мәдени, тілдік қасиеттер туралы кең, жалпы, мазмұнды түсінікті қалыптастыру қажет. Ол дегеніміз: а) этностық аумақ, этностық сана, халықтық этноним ұғымдарының нақты мазмұнын айқындау; ә) этностық ой-сана — этностық салт-сананың, әдет-ғұрыптың, дүниетаным көзқарастарының кемелдену тәсілдерін жинақтау; б) ұрпақ қалаған дәстүр мен ел даналығын жинақтайтын теориялық-әдістемелік деңгейді көтермелеу.

Ел туралы көне дәуірдегі түсініктер күнделікті тіршілік тынысымен, ондағы жеке оқиғалармен анықталынды. Оған себеп – көшпенділік өмір салты және дала факторы. Екі факторда елдікке негіз. Көшпелі жан үш бастаумен - табиғат құпиясымен, дала сырымен, адам жарастығымен есептесті, сонысымен ерекше.

Көшпенділік – қауымдастықтың көші, әлеуметтік қозғалыстың түрі, тарихи-мәдени құбылыстың алғашқы тұтас көрінісі. Тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алсақ, көшпенділіктің төрт түрін – маусымдық, шұбырынды, сауда-саттық, шапқыншылық көштерін аңғарамыз.

Маусымдық көшпенділік - малшылардың ұйымдасқан, табиғи жағдай және тәртіппен санасқан көш-қонысы. Ол дегеніміз табиғат ырқына, табиғи ортаға бейімделу, бейімделуге ынта-ықылас таныту. Маусымдық бейімделу мал шаруашылығы қажетінен туындады.

Шұбырынды, шашыраңқы көшпенділік – сыртқы қысым мен күштен ығысушылық үш бастамаға – жаңа күнкөріс орнына, мал өрісін іздеушілікке және қауіп-қатердің түріне байланысты. Қауіп-қатердің түрлеріне – жұт, табиғи апат, шапқыншылық жатады. Мал-жанынан айрылған қауіпте халқымыз қанша мәрте тоз-тозы шықты. Шұбырындылықта зорлық, зұлымдық, шапқыншылық зардабының таңбасы басымдау келеді.

Сауда-саттық - көшпенділіктің байырғы да байыпты түрлерінің бірі. Оның мақсаты – ортаға бейімделудің ыңғайын табу, табыс көзіне жарарлық әлеуметтік ортаны қарастыру, қарым-қатынастың да, өнімнің де өрісін кеңейту, амал-әрекеттің тәжірибесін тәркілеу. Сауда-саттық көшпенділік қос негізге - қолайлы табиғи және әлеуметтік ортаға бағыталған. Өнім айырбасы көлік қызметін күшейтті, аймақтық өзара ықпалдастықты арттырды. Оған дәлел – Ұлы Жібек жолы.

Шапқыншылардың көшпенділігі – жаугершілік мүддеден, күш көрсетер әрекеттен демеулік тапты. Ол соғыстан басталады, әлсіздердің шұбырындысынан жалғасын табады.

Шапқыншылық сақтық пен батырлық қасиеттерді ширатты. Шабуылға шығатын сарбаздардың қорғаныс киімдері - жеңсе, құрама, қаттама, бетбейне сынды дулығалар мен темір қалпақтар, көбе, кіреуке, бадана, зере сауыттар, атқа - көбе, зере, қаттама, қияс, беренге кежімдер атқа қонымды, жарақаттан сақтандыруға бейімделіп тігілді.

Көшпелі үшін дала – а) кең байтақ жазық өңір, құла тұз; есік алды, тыс, қыр; ә) алдымен жайлау, «тау», «өлке»; б) табиғат түрлері, туған жердің тұтас кеңістігі; в) сол өңірдегі салт-дәстүрлердің ерекше көріністері. Даланың өлкелік ерекшелігі, тіршілігі болды. Кең далада жыл бойы көшіп-қонғандар табиғатпен жарастықта болды. Кең далада көшіп қону үлкен оқиға, дәстүр-салтты жалғастыратын, жаңғыртатын елдіктің елеулі көріністері мен белестері.

Дала факторы дегеніміз:

- табиғи-географиялық жағдайдың, сыртқы материалдық ортаның басты бір көрінісі, құбылысы;
- табиғаттың кең жазығын, жаратылыстың түрлі-түрлі белестерін белгілі бір аймақтық өлшеммен шектеу, соған теңестіру;
- табиғи-тарихи ортаны бір шеңберге балау және оны адам факторынан жоғары қою екені айқын;

- туған жер – ұрпақ өсіп-өнген экологиялық-әлеуметтік-мәдени орта, ойын-сауық, той-думан, қызық өлкесі.

Қазақ туған жерде «дәулеті мол ырысты несібем деп теріп жеді»;

- өскен ортасына күнделікті көз тартты, көңіл аулап ой артты;

-бабалар дүниесі – ұрпақтар дәстүрімен ендестірілді;

- сұлулыққа құмартып, сыйластыққа сүйеніп, ойын-сауық құрып өнері мен өрісін кеңейтті;

- өнер мен өрісте жарандар бас қосты, жолығуы жақсылар мен өнері асқандар бір-бірімен жақындасты.

Кең даладағы көшпелі дәстүр мен қауымдастық мәдениет еркін тіршіліктің негізін құрастырды. Қазақ ел-жұрты кең даланың тұтас бір қозғаушы күшіне айналған сайын, оның қоғамдағы әлеуметтік жетекші рөлі артты. Қазақ болмысының қалыптасуы қос бағытта: 1) әлеуметтік-мәдени аядағы әрекеттер бір-біріне тәуелді әрі өзара тәуелділік ырқында; 2) қазақ халқының гуманистік өмірінің тәуелсіздігін тұрақтату таралды.

Тарихи тұрғыда қазақ халқының (қазақ елі) ментальдылығының дамуы өзіндік жаңғырудың бес кезеңін бастан өткерді:

- 1) протоқазақтардың, көне түркі тайпаларының тұрмыстық, әдет-ғұрыптық эволюциясы;
- 2) қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі рухани факторлардың эволюциясы;
- 3) ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы Ресей империялық саясаты мен КСРО коммунистік идеологиясының кері әсері;
- 4) Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінде – 1990-2015 жж. ұлттық егемендік мен этносаралық қарым-қатынастың нығаюы;
- 5) республиканың халық бірлігін, қоғамдық келісім мен қазақ мемлекеттігін нығайту бойынша 2015-2050 жж. арналған стратегиялық бағыт-бағдары.

«Елтану» - бұл: халықтың мәдениеті мен рухани болмысын пайымдай білу; халықтың рухани тәжірибесін жер-жерде жаңғырту мен сақтап қала білу; ұрпақтар арасындағы мәдени-гуманитарлық сабақтастықты қайта жаңғырту құралы; ұлттық мәдениеттің өзін-өзі тану, өзін-өзі таныту формасы; халықтың рух кеңістігі; халықтың зияткерлік әлеуеті мен күш-жігерінің ұлттық-спецификалық құрамдас бөлігі.

«Елтанудың» қайнар көздері ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі мен отанымыздың әлеуметтік-саяси құрылымында, олардың өзара әрекеттестігін жаңа сапалы деңгейге жеткізуді саналы түрде түйсіне отырып, жүзеге асыруда жатыр.

Руханият адамдарды гуманизм құндылықтары мен ұлттық мәдениетке баулиды. Рухани құндылықтар жүйесі мен мәдениет құрамы туралы біліміміз әлсіреген сайын біз өзіміздің мәдени-тарихи тамырларымыздан алыстай береміз.

Дамыған қоғам мен мемлекетте «Елтану» географиялық, мәдениеттанушылық, әлеуметтік, экономикалық, тарихи контекстерде қолданылады.

Әлеуметтік-мәдени өлшемде ол:

- 1) халықтың тарихын, мәдениетін ұлттық сана-сезім және рух аясында пайымдау тәсілі;
- 2) ұлттық мемлекеттегі адамзат ресурсы мен зияткерлік әлеуетті жаңғырту формасы;
- 3) ұлттың инновациялық идеяларын халықаралық деңгейге жеткізу әдістемесі.

Тарихи контексте «Елтану» халық жадысына, ұлттық бейнеге, елдің әлеуметтік бірлігі мен мәдени тұтастығына, билеуші күштердің тұрақты саясатына арқа сүйейді.

Мәдениеттанушылық өлшемде «Елтану» адамның құндылықтар бағдарын айқындап, халықтың рухани құндылығы мен қоғамның мәдени өресін анықтайды.

Қазіргі қазақстандықтардың ділінің ары қарайғы толысып-жетілуі мына өзгермелі дүниеде мемлекетіміздің өз таңдауын жасағандығы түйсіне пайымдаумен сабақтас.

Бұл – қазақстандық эволюциялық жол. Ол келесі міндеттерді орындауға бағытталған:

- тәуелсіздігімізді нығайта түсу және одан ары дамыту, еліміздің жаһандық әлем қауымдастығына терезесі тең деңгейде кірігуі;
- қоғамның зияткерлік әлеуетін барынша дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оның қауіпсіздігін сақтау;
- шиеленіскен әлеуметтік, этносаралық, конфессияаралық қайшылықтарды шешу;
- осы мәселелерді шешу жолында барша қазақстандық әлеуметтің жұмылуы мен өзара жауапкершілігін сезінуін қамсыздандыру;
- қоғамды аман-сау сақтау;
- Қазақстанның барша халқының рухани-адамгершілік түлеу

Тәуелсіздік барша Қазақстан халқының демократиялық үдерісі мен мәдениетінде жетекші рөлге ие. Қазақстан тәуелсіздігі адамдар үшін келесі мүмкіндіктерді берді :

- 1) еркіндік пен дербестікке жол ашылды;
- 2) рухани барабарлық пен ұлттық-мемлекеттік қауіпсіздіктің көкжиегін кеңейтті;
- 3) азаматтық теңдік пен ұлттық бірлік үшін мүмкіндіктер аясын кеңейтті.

Біздің келешегіміз – өмір ағынымен жүруге ұмтылыс емес, өз бет-бағдарымызды алдын-ала айқындап, әрекет етуде.

Алдын алудағы еріктілік және еріктіліктегі алдын алу әрекеті қазақстандықтардың ойлау мәдениеті мен діліне хас тәуелсіздіктің табиғаты мен міндеттерін айқын пайымдау ерекшелігінен аңғарылады.

Барша қазақстандықтардың бойында тәуелсіздік сезімін қалыптастыру – қазіргі Қазақстандағы ұлттық саясаттың, ұлттық идеяның, ұлттық идеологияның дүниетанымдық бағдары.

Осы орайда тәуелсіздікті дамытудың келесі нәтижелерге алып келетіндігін білу маңызды:

- өзгерістер тек экономика, саясат, әлеуметтік қарым-қатынастар аясын ғана қамтымайды, ең алдымен, адамдардың санасы, қарым-қатынас мәдениеті өзгеріске ұшырамақ;

- әлеуметтік-гуманитарлық білімге деген қызығушылық күшейіп, адам қабілеттерінің құдіреті пайымдалады, олар қоғам өмірінің барша салаларында тұлға іс-әрекетінің табысты болуымен барабар мәнге ие болады;

- позитив пен озықтыққа деген ұдайы ұмтылыс, негатив пен кемшіндікке жол бермеу.